

Қазақстан Республикасының министрліктерінде, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарында заң қызметінің жай-күйін жақсарту және оның жұмысының сапасын арттыру шаралары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 29 сәуір N 521. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.09. N 1072 қаулысымен.

Министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдарда заң қызметінің ролін арттыру, оның ұйымдық нығайтылуы мен құқықтық жұмысын жақсарту жөнінде белгілі бір жұмыс істейді.

Жекелеген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдар заң қызметінің санын көбейтіп қана қоймай, дербес құрылымдық бөлімшелер құруға, салаға құқықтық қызмет көрсету жүйесін қайта ұйымдастыруға шаралар қ о л д а н д ы .

Заңгерлер орталық атқарушы органдарда және оларға бағынысты кәсіпорындар мен ұйымдарда, құқықтық мәселелер бойынша консультанттар болып қана қоймай, қызметтің барлық учаскелерінде заңдылықты қамтамасыз ету және құқықтық құралдарды тиімді пайдалану жөніндегі жұмысты ұйымдастырушы болып табылады.

Бірақ министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың бәрінде бірдей заң қызметі жұмысының жоғары деңгейі қамтамасыз етілмеген. Құқықтық жұмыстың маңызын бағаламау, заң консультанттарын мақсатсыз пайдалану фактілері әлі де жойылған жоқ. Басқару аппаратының штат санын заң консультанттары есебінен қысқарту жағдайларына жол беріледі. Заң консультанттары басқа құрылымдық бөлімшелер басшыларына қаншалықты бағынатын болса, олардың ролінің соншалықты төмендеуі фактілері орын алуда. Заң білімі жоқ адамдардың заңгер болып жұмыс істейтіні жиі к е з д е с е д і .

Заң қызметіне орталық атқарушы органдардың басшылары тарапынан көңіл бөлудің жоқтығы салдарынан мемлекеттің мүліктік және басқа мүдделерін қорғауды тиісті деңгейде қамтамасыз етпейді. Дебиторлық және кредиторлық берешектерді жоюда олардың ролі әлсіз. Заңсыз ведомстволық құқықтық актілер шығарудың, құқықсыз шешімдер қабылдаудың көптеген фактілері әлі де орын алуда. Заң қызметі құқықтық білімді насихаттаумен, ведомствоға қарасты ұйымдарға құқықтық және әдістемелік көмек көрсетумен жеткіліксіз ш ұ ғ ы л д а н а д ы .

Құқықтық жұмыстарды жақсарту, заң қызметінің ролін арттыру, заңдылық пен құқық тәртібін нығайтуға оның ықпалын күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының басшылары құқықтық жұмысты ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерге назар аударсын.

2. Қазақстан Республикасының министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен өзге де орталық атқарушы органдарының басшылары:

алқа жиналысында құқықтық жұмыстың жай-күйі туралы мәселені т а л қ ы л а с ы н ;

мемлекеттік басқару органдары мен олардың ведомствоға қарасты кәсіпорындарының, ұйымдарының заң қызметі туралы ережесінің талаптарын о р ы н д а у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

заң қызметтерінің мәртебесін арттыру, олардың жұмысын өзіне тән емес функцияларды орындаудан босата отырып тәртіпке келтіру жөніндегі шараларды і с к е а с ы р с ы н ;

заң консультанттары қызметтерін қысқарту практикасы тоқтатылсын;

заң қызметтерін кадрлармен қамтамасыз етуге және нығайтуға шаралар қ а б ы л д а с ы н ;

заң консультанттарына талапты арттырсын, олардың жұмысына қажетті жағдайлар жасасын, министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы органдардың қызметінде заңдылықты нығайтудағы және олардың мүлдіктік және басқа мүдделерін қорғаудағы заң қызметтеріне белсенді қ а т ы с у д ы қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

Қазақстан Республикасының Конституциясын және қолданылып жүрген заңды кеңінен насихаттау мен түсіндіруді, жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз етсін;

ведомствоға қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардағы құқықтық жұмыс жағдайына басшылық ету мен бақылау жасау жөніндегі шараларды әзірлеп, бекітсін, олардың заң қызметтеріне тұрақты түрде әдістемелік және ұйымдық к ө м е к к ө р с е т с і н ;

ведомстволық нормативтік актілерді қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келуіне қарай қайта қарасын және белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне тіркеуге ұсынсын.

3 . к ү ш і ж о й ы л д ы

Ескерту. 3-тармақтың күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.07. N 868 қ а у л ы с ы м е н .

4. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:
министрліктердегі, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы

органдардағы құқықтық жұмысқа әдістемелік басшылықты күшейтсін;
министрліктерде, мемлекеттік комитеттер мен өзге де орталық атқарушы
органдарда құқықтық жұмысты ұйымдастыруды зерделесін және жылына екі рет
Қазақстан Республикасының Үкіметіне хабарласын;

Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы мемлекеттік қызметшілерді
қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру институтымен бірлесіп 1996-
1997 жылдары орталық және жергілікті атқарушы органдардың, олардың
ведомстволарына қарасты кәсіпорындар мен ұйымдардың заң қызметтері
қызметкерлерін құқықтық оқытуды ұйымдастырсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі